

**“№7 жалпы білім беру орта мектебі” КММ**



**“Дарындылар додасы”  
(Сыныптан тыс жүргізілетін сайыс  
сабақ)**

**Математика пәні мұғалімі: Базарбаева Н. М.**



# Сабақтың мақсаты

- Ой – өрісін кеңейту
- Логикасын дамыту
- Ынтымақтастыққа тәрбиелеу
- Қызығушылығын арттыру



# Сайыс кезеңдері

I кезең – “Ережелер” елінде

II кезең – “Суреттер сөйлейді”

III кезең – Логика әлеміне саяхат

IV кезең – Мықтылар белдесуі



I кезең

# “Ережелер” елінде

Топтар берілген сұрақтарға жарыса  
жауап береді.

Әр дұрыс жауап 1 ұпаймен  
бағаланады



# “Ережелер” елінде

1. **Натурал сандар дегеніміз қандай сандар?**
2. **Жай сандар дегеніміз қандай сандар?**
3. **Ең кіші жай сан неше?**
4. **Құрама сан дегеніміз қандай сандар?**
5. **Ең кіші екі таңбалы сан қандай сан?**
6. **Натурал санның 5-ке бөлінетінін қалай білеміз?**
7. **Тіктөртбұрыштың ауданын қалай табамыз?**
8. **Қандай санның квадраты 81-ге тең?**
9. **Бөлшекті қысқарту деп нені айтады?**
10. **2018 саны 3-ке бөлінеме?**



## II кезең



# Суреттер сөйлейді

Топтар суреттер мен цифрларды пайдаланып, жасырынып тұрған мақал-мәтелдерді табуы керек.


Әрбір дұрыс жауап 1 ұпаймен бағаланады



1000 рет



1 рет



1000 рет естігенше,  
1 рет көрген артық






7 рет



1 рет



7 рет өлшеп,  
1 рет кес



2



2 кеменің басын  
ұстаған суға кетеді



1




10



© Айжан Мыса

1 тал кессең,  
10 тал ек



100



100




100 теңгең  
болғанша,  
100 досың болсын








40



# Қызға 40 үйден Тыйым




30



30



30 тістен шыққан  
сөз,  
30 рулы елге  
тарайды



5



≠



5 саусақ бірдей  
емес






1



1000



Білекті бірді жығар,  
Білімді мыңды  
жығар





1



1





Біреу тоңып секіреді,  
Біреу тойып секіреді



# “Сергіту сәті”

*20-ға дейін санаймыз: 3-ке еселік болатын санның орнына қол соғып, “Еселік” деп айтамыз*



III кезең

# Логика әлеміне саяхат



# “Ұрылар саны қанша?”

Ертеде байлардың есігінде жүріп күн кешкен. панасы жоқ жалғыз кемпір болыпты. Жаз шығып, ел жайлауға көшкенде, сүйенері жоқ кемпір жалғыз қалады. Түн ішінде кемпірдік жалғыз сиырын ұрламак болып ұрылар келеді. Кемпір: «Ә, бұлар менің жалғыз сиырымды нысанаға алған екен, мен де бұларды алдайын» деп ойлайды.

Сөйтіп, жалма-жан бір шелек суды сапырып отырып, мынадай әпелі айтты:



Сапырып, сапырып Сарманға құй  
Құйып, құйып Құрманға құй  
Даладағы екеуге бер  
Төрдегі төртеуге бер  
Ортадағы Орманға бер  
Жатқандарға жетеуін бер  
Өзің іште маған бер.

Сонымен, ұрылардың саны нешеу?




Белгісіз санды тап!

$$\star + \star + \star = 30$$




$$\star + \heartsuit + \heartsuit = 18$$

$$\heartsuit - \text{lightning bolt} = 2$$

$$\text{lightning bolt} + \star + \heartsuit = ??$$



# Есте сақта!






IV кезең

# Мықтылар белдесуі

Топ басшылары  
тапсырмаларды орындайды.  
Әр дұрыс жауапқа 2 ұпайдан  
беріледі



# Мықтылар белдесуі



1) Бос орындарды толықтырыңыз:

$$\frac{1}{3} = \frac{4}{\square} = \frac{\triangle}{60}$$

2) 4 санының алғашқы бес еселіктерін табыңыз:

4; ..., ..., ..., ...

3) 288; 333; 444; 558; 9468; 507; 802 сандарынан 9-ға бөлінетін сандарды теріп жазыңыздар.



# Қорытынды

- Кері байланыс
- Бағалау



Соңы

